**Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарт жасасудың УАҚЫТША ТӘРТІБІ**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Экология және Биоресурстар Министрлігі 1994 жылғы 11 сәуірдегі бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 6 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 8. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

К І Р І С П Е

Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарт жасасудың Уақытша тәртібі "Қазақ КСР-ында айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (19 бап) сәйкес әзірленді.

Ол Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігіне табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру міндеті жүктелуі Заңына сәйкес әзірленді, сондықтан жергілікті жерлерде тәртіп бойынша табиғатты арнайы пайдалануға шарттар жасасуды айқындаушы роль беріліп отыр.

Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарттар жасасудың Уақытша тәртібі табиғатты қорғау мәселелерін шешуді реттеуші және табиғатты пайдаланушылардың табиғи ресурстарды пайдалануға ұқыптылықпен қарауын ынталандырушы-нормативті актілердің бірі болып табылады.

Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарттар жасасу тәртібі Экобиоресурстарминінің республикалық, облыстық және аудандық (қалалық) органдарының жұмысында пайдалануға арналған.

Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарттар жасасудың

УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Жануарлар дүниесінің ресурстары, су тоғандарының биоресурстары, орман ресурстары ластағыш заттарды табиғи ортаға шығару (тастау, орналастыру) құқығы табиғатты пайдаланушыларға табиғатты арнайы пайдалану үшін шарттар мен рұқсат беру негізінде шаруашылық немесе өзге қызметке арналып пайдалануға немесе жалға беріледі.

2. Табиғатты арнайы пайдалану үшін шарттар жасасу және рұқсат беру "Қазақ КСР-ында айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына қатаң сәйкестілікпен жүзеге асырылады.

3. Табиғатты арнайы пайдалануға арналған шарттар табиғи ресурстар

иелерінің (Министрлер Кабинеті, облыстық өкілетті өкімет органдарының, облыс әкімшілік басшыларының) табиғатты пайдаланушыға табиғи ресурстарды арнайы пайдалану үшін құқықтар беру туралы шешімі негізінде жасалады.

Мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының бұндай құқықтар беру туралы шешімі мүдделі жақтың (Қосымша N 1) мемлекеттік немесе жергілікті басқару органдарына берген жазбаша өтініші (өтінімі) және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оған тіркелген алда тұрған шаруашылық қызметі мен оның барысында қолданылатын технологиясына берілген оң қорытындысы негізінде қабылданады.

4. Ластағыш заттарды табиғи ортаға шығару (тастау, орналастыру) туралы шарттарды облыстық экология және биоресурстар басқармалары жасасады және оларды облыс әкімшіліктері басшылары бекітеді.

5. Табиғатты пайдаланушының табиғи ресурстарды пайдалану құқығы табиғатты арнайы пайдалану үшін шарт жасасқан күннен басталып, табиғатты арнайы пайдалану туралы шартта көрсетілген мерзімде аяқталады.

6. Табиғатты арнайы пайдалану шартын жасасу, қайта қарау және жою барысында туындайтын алауыздықтарды өз құзырларына сәйкес жергілікті атқару органдары қарайды.

7. Табиғатты арнайы пайдалану шартына сәйкес табиғи ресурстарды пайдаланушы және айналадағы табиғи ортаға ықпал жасаушы кәсіпорындардан, бірлестіктерден, ұйымдар мен мекемелерден (олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан), сондай-ақ азаматтардан белгіленген тәртіп бойынша табиғи ресурстар үшін ақы және ластағыш заттарды шығарғаны (тастағаны) және қалдықтарды орналастырғаны үшін төлем өндіріліп алынады.

8. Ластағыш заттарды шығару (тастау), өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру көлемін (лимиттерін), табиғи ресурстарды пайдалану лимиттерін, төлемдер нормативтері (ставкалары) мен нақтылы жылға арналған төлемдер сомасын табиғатты пайдалануға берілген рұқсат құрамында Экология және биоресурстар министрлігінің органдары белгілеп, оларды табиғатты пайдаланушыларға жеткізеді.

9. Қорғалынатын аумақтар (қорықтар, ұлттық табиғи парктер, қорғалымдар) иемденіп отырған жерлер телімдерінде табиғатты пайдалануға шарттар жасасуға және рұқсат беруге жол берілмейді.

10. Шартта белгіленген табиғатты пайдалану шарттарын орындауға бақылауды Экология және биоресурстар министрлігінің жергілікті органдары жүзеге асырады.

## II. Айналадағы ортаға ластағыш заттар шығаруға (тастауға, орналастыруға) шарттар жасасудың УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. Шарт табиғатты пайдаланушыға табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастауға және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруға құқықтар беру үшін жасалынады.

2. Шарт табиғи ортаға ластағыш заттар шығаруға (тастауға, орналастыруға) жыл сайын рұқсат бере отырып, 5 және одан да көбірек жылдарға дейін жасалынады.

3. Шарттың күші бар кезеңде табиғатты пайдаланушыға әрбір нақтылы жылға шығаруға (тастауға, орналастыруға) рұқсат беріледі, онда:

табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастау лимиттерін және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын тоқсандарға бөліп орналастыруды;

табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастау және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру үші ақы төлеу нормативтерін;

айналадағы табиғи ортаны ластағаны үшін тоқсандарға бөлінген төлемдер сомасын;

төлемдерді төлеу мерзімдерін көздейді.

4. Шарт жасасқан жақтар:

табиғатты пайдалану қажеттілігі болмаған немесе одан бас тартқан;

шарт жасасқан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер жойылған;

шарт күшінің мерзімі аяқталған;

табиғатты пайдаланушының кінәсінен айналадағы табиғи ахуалдың қауіпті дағдарыс алдындағы, дағдарысты немесе апатты нашарлануы;

қолданылып жүрген заңның бұзылуы;

кәсіпорын кәсіпшілігінің жаңадан өзгерілуі, қайта жаңғыртылуы немесе кеңейтілуі;

табиғатты пайдаланушының шартта айтылған шарттарды (экологиялық талаптар мен шектеулерді) сақтамаған жағдайларында келісім шарттарын жоюды немесе өзгертуді жүргізеді.

5. Қолданылып жүрген заңға сәйкес ластану ақысын төлеу бөлігінде:

табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастау және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін белгіленген нормативтер (лимиттер) шегінде төлемдер;

табиғи ортаға ластағыш заттарды белгіленген нормативтен (лимиттен) артық шығару мен тастау және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру үшін төлемдер көзделіп отыр.

Ескерту: Ақы төлеу нормативтерін индексациялау жағдайында олар табиғатты пайдаланушыға жеке шешім арқылы жеткізіледі.

## ШАРТТЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

(Қосымша 2)

1. Табиғатты пайдалану туралы шарт жасасушы жақтар.
2. Шарт пәні - шарт жасалатын табиғи ресурстар тізбесі.
3. Жақтардың міндеттері.
4. Қолданылатын технологияларға қойылатын негізгі талаптар.
5. Берілетін жеңілдіктер.
6. Айрықша шарттар.
7. Шарт күшінің басталу және аяқталу күні, жақтардың заңды адрестері.

## III. Орман телімін жалға алуға жасалатын шарттардың УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. Орман қоры телімін пайдалану құқығы берілген лицензия орман телімін жалға алу шартын жасасуға негіз болып табылады. Орман телімдерін пайдалану құқығына лицензия беру белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Лицензияда орман қоры телімін орман және аңшылық шаруашылығын жүргізу, ағаш көріктерін қосымша орман материалдарын (қабықтар, ағаштың көкөністер және басқалар), ағаш шырындарын, дайындау мақсатында жалға беру көзделген жағдайда лицензияны орман шаруашылығын басқаратын мемлекеттік республикалық орган береді. Орман қоры телімдерін жанама орман өнімдерін алуды (дәрі-дәрмектік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да ормандық тамақ өнімдерін дайындау мен жинау, омарталар мен ара ұяларын орналастыру) жүзеге асыру үшін орманды мәдени сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсатында жалдау барысында лицензияны орман шаруашылығын басқаратын облыстық мемлекеттік орган береді.

2. Орман телімін жалдау (шөп шабу мен мал жаю мақсатынан өзге) шарты І жылдан 50 жылға дейін жасалады.

3. Шартқа сәйкес орман қоры телімдері орманды пайдаланудың төмендегідей түрлерін:

ағаш өнімдерін дайындауды;
ағаш қоректерін дайындауды;
қосымша ағаш материалдарын дайындауды;
ағаш шырындарын дайындауды;
орманды жанама пайдалануды;
орманды мәдени-сауықтыру және ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануды;

орман қоры телімдерін аңшылық шаруашылық қажеттеріне пайдалануды жүзеге асыру үшін жалға берілуі мүмкін.

Орман қоры телімдері орманды кешенді пайдаланулар немесе олардың жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ орман шаруашылығын жүргізу үшін де жалға берілуі мүмкін.

4. Орман шаруашылығын жалдау шарты орман қоры иесі мен жалға алушы арасында жасалады.

5. Орман қоры телімдерінің иелері (бұдан былай - орман иелері) мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдар, қорықтар, ұлттық табиғи парктер, оқулық және тәжірибелік орман шаруашылықтары, Қазақстан Республикасы Заңы белгілеген тәртібі бойынша шаруашылығын жүргізу үшін иелігіне телімдер берілген басқа да заңды тұлғалар болып табылады.

6. Жалға алушылар заңды және нақты, оның ішінде республика заңына сәйкес шаруашылық қызметін жүзеге асыруға құқығы бар шетелдік тұлғалар бола алады .

7. Орманды пайдаланудың әрбір жылға арналған нақты көлемі белгіленген тәртіп бойынша берілген орман кесу билеті (ордері) мен орман билетінің құрамында белгіленеді.

8. Келісім шарттарын өзгертуге:

өрттер, желдің құлатуы нәтижесінде орман қоры жағдайының өзгеруі; орманның зиянкестер мен аурулардан және басқа да факторлардан зақымдануы;

белгіленген тәртіп бойынша қабылданған орман пайдалану талаптарының, тәртібінің және режимінің өзгеруі;

орман қоры жерінің мемлекеттік немесе қоғам қажеттері мақсатында ішінара алынып тасталуы;

жалға алушының орман қорының жекелеген телімдерін пайдаланудан, сондай-ақ орман пайдаланудың жекелеген түрлерін жүзеге асырудан ішінара бас тартуы;

жалдау ақысы көлемінің өзгеруі үшін негіздері (ақы ставкаларын индексациялау, уәкілетті органдардың жалдау ақысын жоғарылатуы туралы шешімдері және т.б.) бар жағдайларында жол беріледі.

9. Орман қоры телімдерін жалдау шартының күшін орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органы оны тоқтату туралы тікелей шешім қабылдағаннан кейін төмендегідей:

лицензиялар күшінің мерзімі аяқталуы;

жалға алушының орман қоры төлімдерін жалдау құқығынан бастартуы;

орман қоры телімі жалға берілген кәсіпорынның немесе өзге шаруашылық қызметі субъектісінің жойылуы болмаса жалға алушы-азаматтың өлімі, егер оның өліміне дейін онымен бірге тұрған және жұмыс істеген мұрагерінің орман

қорының жалға алған төлімдерінде лицензия мен шарт талаптарына сәйкес шаруашылық қызметтің одан әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі болмауы, не орман қоры телімін жалға алудан бас тартуы;

орман қорының жалға берілген телімдерін пайдалануды әрі қарай жүзеге асыруға лицензияда көзделгендей мүмкіндік бермейтін шарттардың туындауы;

жалға алушының орман қорын пайдаланудың ережелерін орман қорына едәуір зиян келтіріп ұдайы (2 ретте көбірек) бұзуы;

жалға алушы лицензияда белгіленген мерзім ішінде орман қоры телімін көзделген көлемінде пайдалануға кіріспеген;

орман қоры телімдерін пайдаланғаны үшін лицензияда белгіленген мерзімде жалдау ақысын ұдайы (2 реттен көбірек) түсірмеген;

жалға алушының лицензия мен шартта көзделген міндеттерін орындамағаны;

жалға алушының кінәсінен болған және таралған өрттер жағдайларында тоқтатылады.

10. Орман қоры телімін жалдау шартының күші тоқтатылған жағдайда жалға алушы шартта көрсетілген мерзімде орман қорының жалға берілген телімдері шартта көрсетілген жағдайға келтіруге және оларды орман иесіне тапсыруға тиіс.

11. Орман телімдерін, азаматтардың орман ішінде демалу және ормандық тамақ өнімдерін пайдалануына жинау мақсатында болуын қоспағанда, пайдалану ақысы төленіп жүзеге асырылады.

Жалдау ақысы төмендегідей төлем түрлерін:

ормандарды қайта жаңғыртуға, қорғау мен сақтау төлемдерді;

орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді;

Жер салығы төлемдерін қамтиды.

Жалдау ақысының көлемдері Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес белгіленеді.

12. Жалға алушы жалдау ақысын орман телімін жалдау шартындағы орман кесу билетінде (ордерінде) және орман билетінде белгіленген көлемде және мерзімде түсіріп отырады.

13. Орман қоры телімін жалдау шартының құрамына (3,4,5 Қосымшалар) төмендегідей тараулар:

шарт жасаушы жақтар;

шарттың пәні мен онда тұжырымдалған мерзім;

орман қоры телімі үшін ақы төлеу;

орман қоры телімі иесінің (жалға берушінің) құқықтары мен міндеттері;

жақтардың жауапкершілігі;

дауларды қарау кіреді.

## IV. Аңшылыққа жарамды жерлерді (ормандардан басқасы) бекіту, пайдалану және қорғау шарттарын жасаудың УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. Аңшылыққа жарамды бекітіліп берілген пайдалы жерлерге (ормандардан басқасы) жасалған шарттар жануарлар дүниесінің барлық түрлерін пайдалануды:

аң аулауды;

жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсатта пайдалануды;

жануарлардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік қызметі өнімдерін пайдалануды көздейді.

2. Жануарлар дүниесінің пайдалану туралы шарт аңшылықты пайдаланушы мен жануарлар дүниесін басқаратын мемлекеттік уәкілетті орган арасында жануарлар дүниесін басқаратын органның ұсынысы бойынша облыс әкімшілігі бастығы аңшылық шаруашылық жүргізу құқығын беру және аңшылық жарамды жерлерді бекіту туралы шешім қабылдауынан кейін жасалады.

Аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің Заңды тұлғаларына, Қазақстан Республикасының азаматтарына және оның аумағында тұратын және "Аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу құқықтарын беру Тәртібіне" сәйкес келіп жүретін басқа да мықты тұлғаларға да беріледі:

3. Жануарлар дүниесі тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілетін Уақытша пайдалану мерзімдері шартпен белгіленеді.

4. Бекітіліп берілген аңшылыққа жарамды жерлердегі жабайы аңдарды өндіру, жануарлар дүниесінің басқа да ресурстарын пайдалану лимиттері (көлемі) жануарлар дүниесін жаңғырту және пайдалану жөніндегі биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді.

5. Жануарлар дүниесін басқаратын мемлекеттік арнаулы уәкілетті органға аңшылыққа жарамды жерлерді бекітіп берілген аңшылықты пайдаланушының келісім шарттарын орындамаған жағдайында айып санкцияларын салудан басқа бір айдан екі жылға дейінгі мерзімге жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін пайдалануды шектеуге немесе шартты бұзуға құқық беріледі.

6. Шарттың күші:

аңшылықты пайдаланушының бекітіліп берілген жерлерден өз еркімен бас тартуы;

жалдау мерзімінің аяқталуы және одан әрі ұзартуға өтімінің болмауы;

аңшылықты пайдаланушы қызметінің тоқталуы;

жануарлар дүниесінің мақсатты пайдаланбауы немесе ереженің, нормалардың

және осы шарттың ұдайы және дөрекілікпен бұзылуы барысында;
аңшылыққа жарамды жерлерді мемлекетпен қоғам қажеттеріне алу;
пайдалануға берілген аңшылыққа жарамды жерлердің қатарынан екі жыл бойы игерілмеуі;
аңшылыққа жарамды жерлер ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлемеген жағдайларында тоқтатылуға жатады.

7. Бекітіліп берілген аңшылыққа жарамды жерлердегі жануарлар дүниесі ресурстарында аңшылықты пайдаланушы ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады.

Аңшылықты пайдаланушы аңшылыққа жарамды жерлерді пайдаланғаны үшін төмендегідей:
жануарлар дүниесі ресурстарын пайдаланғаны үшін;
жануарлар дүниесі ресурстарын қорғау және жаңғырту үшін төлемдер төлейді.

Төлемдер көлемі мен оларды өндіріп алу тәртібі "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес белгіленеді.
Төлемді нормативтерді аңшылықты пайдаланушыға дейін жеткізіледі.
Аңшылықты пайдаланушы жануарлар дүниесі ресурстарын пайдаланғаны үшін және оларды қорғау мен жаңғырту үшін аңшылықты пайдалану шартында белгіленген көлемде және мерзімде төлемді түсіріп отырады.

8. Аңшылыққа жарамды жерлерді бекіту шартында:
аңшылыққа жарамды жерлерді бекіту шартын жасаушы жақтар;
шарттың пәні мен оның жасалған мерзімі;
экологиялық талаптар;
жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау және жаңғырту үшін төлемді төлеу мерзімі мен көлемі;
жануарлар дүниесін қорғау шарттары;
аңшылықты пайдалануға берілетін жеңілдіктерді;
аңшылықты пайдаланушы - жалдауға алушының құқықтары мен міндеттері;
жануарлар дүниесін басқарушы мемлекеттік арнаулы уәкілетті органның құқықтары мен міндеттері;
жақтардың келісім талаптары мен шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілігі;
дауларды қарау көзделеді.

Шартқы Келісім бойынша бекітіліп берілетін аңшылыққа жарамды жерлерде ұйымдастырылатын аңшылық шаруашылықтың паспорты (7 Қосымша), карталары, жануарлар дүниесі басқармасының аңшылықты көркейту жөніндегі берген құжаттама бірге тіркеледі.
Аңшылыққа жарамды жерлерді бекіту шарты 6-шы қосымшада келтіріледі.

9. Жануарлар дүниесін басқаратын мемлекеттік арнаулы уәкілетті органдарды

аңшылық-экономикалық тексеріс-зерттеулер мен шаруашылықаралық аңшылық көркейту жұмыстарын, ал жануарлар дүниесін пайдаланушыларды өздеріне бекітіліп берілген аңшылыққа жарамды жерлерде ішкі шаруашылық көркейту жұмыстары мен жабайы жануарларды қорғау және қорғау жөнінде шаралар жүргізуге міндетті.

## V. Су тоғандары биоресурстарын пайдалану шартын жасаудың УАҚЫТША ТӘРТІБІ

1. Шарт табиғатты пайдаланушыға су тоғандарында кәсіптік балық аулау және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін өндіру жұмысын жүргізуге құқық беру үшін жасалады.

2. Шарт 3 жылдық және одан да ұзағырақ мерзімге жасалады.

3. Биоресурстар иесі - жергілікті өкіметтің өкілетті органының атынан жасалатын шарт бір жағынан облыстық балық қорғау органы мен екінші жағынан су тоғандары ресурстарын пайдаланушы арасында жасалады.

Мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, Заңды және Нақты тұлғалар су тоғандары биоресурстарының пайдаланушылары бола алады.

4. Шарттың күші бар кезеңде табиғатты пайдаланушыға жыл сайын балық аулау және басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін өндіру құқығына рұқсат беріледі, онда:

су тоғандары (телімдері) биоресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу нормативтері;

төлем төлеу мерзімі;

балық аулау мен басқа да су жануарлары мен өсімдіктерін өндірудің тоқсандарға бөлінген көлемдері, лимиттері;

аулау аудандары мен мерзімдері;

аулау құралдарының рұқсат етілген саны, олардың параметрлі, аулау көлемі;

бригада (звено) құрамы;

аулауға жауапкершілік көзделеді.

5. Шарт жасасқан жақтар:

шарт күшінің мерзімі аяқталған;

табиғатты пайдалану қажеттілігі болмаған немесе одан бас тартқан;

шарт жасалынған балық өндіруші ұйымның жойылуы;

табиғатты пайдаланушының қолданылып жүрген Заңдарды, балық аулау шаруашылығы Ережелерін бұзған;

табиғат пайдаланушының келісім шарттарын бұзған жағдайларында шарт жою немесе өзгерту жүргізіледі.

6. Су тоғандары биоресурстарын пайдаланушы ақы төлеу негізінде жүзеге

асырады.

Су тоғандары биоресурстарын пайдаланушы:

су тоғандары биоресурстарын пайдаланғаны үшін;

су тоғандары биоресурстарын қорғау және жаңғырту үшін төлемдер түсіріп отырады.

Төлемдер көлемі мен оларды өндіріп алу тәртібі "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес белгіленеді.

7. Шарттың мазмұны мен құрлымы:

Табиғатты пайдалану туралы шарт жасасқан жақтар.

Шарттың пәні - шарт жасалатын табиғи ресурстар тізбесі.

Жақтардың міндеттері.

Қолданылатын технологияларға қойылатын негізгі талаптар.

Берілетін жеңілдіктер.

Жақтардың жауапкершілігі.

Дауларды шешу.

Айрықша шарттар.

Шарт күшінің басталу және аяқталу күні, жақтардың Заңды адрестері.

Су тоғандары биоресурстарын пайдалану туралы типтік шарт 8-ші қосымшада келтіріледі.

## VI. Табиғатты арнайы пайдалану шарттарын тіркеу, беру және сақтау

1. Шарттарды беру жөніндегі жұмыстарды тікелей орындауды Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі жүзеге асырады.

2. Шарт Қазақ және орыс тілдерінде жасалынады. Шарттар бланкасы сапасы жоғары ақ қағаздан басылып шығарылады.

Шарт бланкасының көлемі - 210 х 300 мм. Шарт бланкасының беткі жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленеді, Шарттың аты және шарттарды жазу кітабында Шарт тіркелетін оның нөмірі жазылады. Мұндай нөмір бланканың әр бетінде қойылады.

3. Шарт екі дана болып жасалады, олардың әрқайсысына Экобиоресурсарминінің (республикалық маңызы бар ресурстар үшін) немесе оның жергілікті органдарының (жергілікті маңызы бар ресурстар үшін) басшысы қол қояды.

4. Шарттың бірінші данасы табиғатты пайдаланушыға беріледі, ал екіншісі - Экобиоресурстарминінде немесе оның жергілікті органдарында қалдырылады.

Екі данасының да нөмірлері бірдей болады.

5. Берілетін Шарт табиғатты пайдалану туралы шарттарды жазу кітабында тіркеліп, алынғаны туралы қол қойылғаннан кейін тапсырылады.

## VII. Қосымшалар

Қосымша 1

ӨТІНІМ

---------------------------------------------- туралы

(шарттың түрі)

1. ____________________________________________________________

(өтінім берілетін өкілетті немесе атқарушы өкімет

____________________________________________________________________

органының аты)

2. Өтінім авторының аты, ведомстволық қарастылығы, реквизиттері, адресі ___
_______________________________________________

____________________________________________________________________

3. Пайдалану объектісінің әкімшілік аумақтық орналасқан жері, іс-қимылының алаңы мен шекаралары (орналасу шекаралары, өтінім жасалған ресурстың аты)_____________________________________

____________________________________________________________________

4. Пайдалану мақсаты мен әдістері, пайдалану кезеңі ________

____________________________________________________________________

5. Өтінім жасалған объектінің (ресурстың) сипаттамасы:
саны ______________________________________________________________
сапасы ____________________________________________________________

Өтінім берушінің қолы Күні

Өтінім қаралды Өтінім қабылданды

" " 199___ж. N______ (қабылданбады)

Өкілетті немесе атқарушы өкімет органының лауазымды адамының қолы

" " 199___ж.

Қосымша 2

Табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастаудың және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырудың ТИПТІК ШАРТЫ

______________ қаласы " " 199___ж.

____________________________ облыстық әкімшілігі атынан ____________________________ облыстық экология және биоресурстар басқармасы, оның атынан _____________________ жолдас бір жағынан, және табиғат пайдаланушы ____________________________

(аты,

____________________________________________________________________

ведомстволық қарастылығы)

оның атынан __________________ жолдас - екінші жағынан төмендегі туралы осы шартты жасасты:

## ШАРТТЫҢ ПӘНІ

Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттар шығару (тастау) және өндіріс пен тұтыну құқығы.

## ЖАҚТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Облыстық экология және биоресурстар басқармасы табиғатты пайдаланушыға берілетін рұқсат құрамында табиғатты пайдаланушыға:

ластағыш заттарды шығару мен тастау және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттерін;

табиғи ортаға ластағыш заттар шығару мен тастау және өндіріс-қалдықтарын орналастыру ақысының нормативтерін;

айналадағы табиғи ортаға табиғи ресурстарды шығарғаны (тастағаны, орналастырғаны) үшін төлемдер сомасын белгілейді.

Белгіленген лимиттерге қарағанда шығаруларды, тастауларды және қалдықтарды орналастыруды төмендеткен жағдайда есепті кезең жиынтығы бойынша төлемдер сомасын орындалған төмендетуге сай келетіндей етіп азайтады.

Ластағыш заттар шығару мен тастау және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттерін арттырғаны үшін ақы төлеу нормативтерінің еселенген көлемін белгілейді.

Табиғатты пайдаланушы ________________________________________

N ластағыш заттарды шығаруды, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыруды табиғат қорғау органдары белгілеген нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырады;

табиғи ортаға ластағыш заттар шығарғаны (тастағаны, орналастырғаны) үшін төлем ақысын дер кезінде және толық көлемде түсіріп отырады;

табиғат қорғау органдары қызметкерлерінің нұсқамаларын сақтайды және орындайды;

табиғат қорғау қызметі туралы белгілеген мерзімдерде есеп құжаттарын тапсырып отырады.

## ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН АЙРЫҚША ТАЛАПТАР

(Өндірістің өзіндігін басшылыққа ала отырып әрбір нақтылы жағдайда сөз болады).

## БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

(Табиғатты пайдаланушы-кәсіпорындарға жеңілдіктерді қолданылып жүрген заңға сәйкес әрбір нақтылы жағдайда белгіленеді).

## ЖАҚТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Келісім талаптары мен шарттарын бұзғаны үшін жақтарға заң белгілеген тәртібі бойынша азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік жүктеледі.

## ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

Осы шарт жөніндегі дауды қолданылып жүрген заңдарды, үкіметаралық келісімдермен шарттарды басшылыққа ала отырып, белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

## АЙРЫҚША ШАРТТАР

Шығаруды (тастауды, орналастыруды) лимиттері календарлы жыл басталғанға дейін тоқсандарға бөліне отырып, толық жылға белгіленеді.

Ақы төлеу нормативтеріне баға индекстерінің өзгеруіне байланысты, жарты жылда бір реттен аспайтындай етіліп, түзетуді енгізуі мүмкін.

Белгіленген лимиттер шегіндегі төлемдер көлемінің есебі экология және биоресурстар басқармасы сияқты кәсіпорынның өзі де жүргізе алады. Кәсіпорын есептен шығарған төлемдер басқармамен келісіледі және табиғатты қорғау қорының есебіне есеп беріліп отырған тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірілмей түсіріліп отырылады.

Әрбір кешіктірілген күн үшін төлем сомасының 0,3 проценті көлемінде өсім алынады.

Нормативтен артық ласталғаны үшін төлемдерді экология және биоресурстар басқармасы есептен шығарады, ол кәсіпорынға тапсырылып даусыз тәртіппен өндіріліп алынады да табиғат қорғау қорының шотына жіберіледі.

Осы шарт екі дана болып жасалынды, оның бірі табиғат пайдаланушыға _____

__________________________________________________

(кәсіпорынның аты)

берілді, екіншісі __________________________________________________

облыстық экология және биоресурстар басқармасында сақталады.

Шарттың басталған күні "___" __________________________199___ж.

аяқталған күні "___" _________________________199___ж.

## ЖАҚТАРДЫҢ ЗАҢДЫ АДРЕСТЕРІ:

Табиғат пайдаланушы _____________________________________________

(кәсіпорынның және банктің аттары,

__________________________________________________________________

почта, телеграф адрестері, есеп шоты мен МФО)

__________________________________________________________________

(лауазымы, Ф.А.Ә., қолы, мөрі)

Облыстық басқарма ___________________________________________
(басқарманың және банктің аттары, почта,
_______________________________________________________________________________
телеграф адрестері, есеп шоты, мен МФО)
Шарт N ____________________ _________________________________
(басқарманың аты,
_______________________________________________________________________________
лауазымы)
Мөр
____________________ __________________________
(қолы) (Ф.А.Ә.)
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
(күні)

Қосымша 3

Шарт N _ _ _ _ _ _ _ _

орман қоры телімін жалдау туралы
_______________________________________________________________________________
(орман иесі, - заңды адресі)
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
атынан ___________________________________________________________
(фамилиясы, аты, әкесінің аты, лауазымы)
бір жағынан, және _________________________________________________
(жалға алушы - заңды тұлғаның аты
_______________________________________________________________________________
немесе азаматтың фамилиясы, аты, әкесінің аты, адресі)
атынан ___________________________________________________________
(жалға алушы өкілінің аты, фамилиясы, әкесінің аты
_______________________________________________________________________________
лауазымы)
екінші жағынан осы шартты төмендегі туралы жасасты.

1. ШАРТТЫҢ ПӘНІ

1.1. ___________________________________________________________
(орман иесі - жалға беруші)
_______________________________________________________________________________
_______________________________________________________________________________
(лицензия бекіткен органның аты)
_______________________________ 199 ж. " " ___________________

N ___________ берілген лицензия негізінде орманды пайдаланудың төмендегідей түрлерін жүзеге асыру мақсатында жалданылатын телімдердің (N 1, 2 қосымшалар) тіркеліп отырған жоспары мен экспликациясына сәйкес жалпы көлемі ______________ га орман қоры телімін тапсырады, ал жалға алушы қабылдайды:

| NN р/н | Орман қоры телімдерін пайдалану түрлері | Өлшем көлемі | Тоқсандар мен бөлім. дер NN | Көлемі га | Пайдаланудың жыл сайынғы көлемі | Жалдау ақысының көлемі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

1.2. Осы шарт ______________ жылдық мерзімге жасалынды және

________________________________________________________________

(атқару өкіметтің аудандық органы) тіркелген сәттен бастап күшіне енеді:

Орман қоры телімінің орман иесіне қайтарылып берілетін күні ------------------------------------------------------------

2. ОРМАН ҚОРЫ ТЕЛІМІ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУ

2.1. Орман қоры телімі үшін ақы төлеу көлемі лицензияға сәйкес белгіленеді.

2.2. Жалға берілген орман қоры телімі үшін жыл сайынғы ақы төлеудің жалпы сомасы ______________________________________ теңге құрайды.

оның ішінде:

орманды жаңғыртуға, қорғау мен күтуге арналған түсімдер ____

________________________________________________________________

орман ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер _______________

________________________________________________________________

жер салығы _________________________________________________

________________________________________________________________

2.3. Орман ресурстарын пайдалану ақысы мен ормандарды жаңғыртуға, қорғау мен күтуге жұмсалатын түсімдерді жалға алушы тең үлестермен _________________________________________________

(төлемдерді түсіру мерзімдері)

банкісіндегі N ______________ есеп шотқа ________________________

(төлемдер сомасы)

аудару жолымен __________________________________________________

(аудан аты) бюджетіне түсіріп отырады.

2.4. Жалға алушы жер салығын төмендегідей тәртіппен аударады:
--------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------

2.5. Жалға алушы орманды қорғауға, жаңғыртуға және күтуге арналған түсімдерді олардың жалпы сомасының 30 проценті көлемінде тең үлестермен ___________________________________________________

_________________________________________________________________
(төлемдерді түсіру мерзімдері) _____________________________________орман иесінің ______________
(төлемдер сомасы)
банкісіндегі __________________ N ___________________ есеп шотына аудару жолымен түсіріп отырады.

2.6. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жалға алушыға берілетін жеңілдіктер_____________________________________________
-------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------

## 3. ЖАЛҒА АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Жалға алушының:

лицензия мен осы келісім шарттарына сәйкес орман пайдалануды және өзге де шаруашылық қызметін жүзеге асыруға;

өзі дайындаған өнімге және орман ресурстарын пайдалану нәтижесінде алған кірістерін меншіктенуге;

белгіленген тәртіп бойынша орманды пайдалануды жүзеге асыру үшін жолдар құрылысын жүргізуге, тұрғызу ережелерін сақтай отырып_____________________________________________________________
(тұрғын, өндірістік, мәдени-тұрмыстық және өзге де
_________________________________________________________________
құрылыстар мен үйлердің тізбесі)
_________________________________________________________________
салуға;

орман иесінен шарт негізінде орманды пайдаланулары жүзеге асыру үшін қажетті орманды көркейту және өзге құжаттама алуға;

өзінің заңды мүдделерін, олар бұзылған жағдайларда, сот тәртібімен қорғауға;

мемлекет немесе қоғам қажеттері үшін орман қоры жерлерін еріксіз алу,

сондай-ақ орман өсімдіктері үшін зиянды заттар бөліп шығаратын құрылыстар және объектілерді іске қосудан жалданатын орман қоры телімдеріндегі ормандар сапасының нашарлауы нәтижесінде келтірілген зияндар мен шығындардың орнын толық көлемде толтыруға;

орман қоры телімдерін жалдау лицензиясы мен келісімнің шарттарын қайтадан қарау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

жақтардың келісімімен орман қоры телімдерін жалдау шартының мезгілі аяқталысымен оның күшін жаңадан жалғастыруға құқығы бар.

Жалға алушының басқа құқықтары ______________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

Жалға алушы:

орман қорының жалға алған теліміндегі орман ресурстарын толық және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге;

орман пайдалануды ормандардың орта құрайтын және орта қорғайтын қызметін, көк желектердің, тамақтық және техникалық шикізатты дер кезінде және сапалы қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайын сақтауды қамтамасыз ететіндей тәсілдермен жүргізуге;

аумақты өртке қарсы және санитарлық көркейтуді қамтамасыз етуге, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, ормандағы өрттерді сөндіру, орман зиянткестері мен оның ауруға шалдығуына қарсы күрес жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

орманды көркейтуді ормандар мен аңшылық формасының есебін жүргізуге қол ұшын беруге;

көрсетілген көлемде төмендегідей орман шаруашылығы жұмыстарын: ______

______________________________________________

------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

жүргізуге;

жалдау ақысын лицензиямен осы шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде дер кезінде түсіріп отыруға;

орманды ұтымды пайдалану, жаңғырту, қорғау және күту жөнінде орман заңында, ережелер мен нормаларда көзделген талаптарды, сондай-ақ орман шаруашылығын мемлекеттік басқару органдарының өзге де арнаулы уәкілетті органдардың лауазымды қызметкерлерінің нұсқауламаларын орындауға;

жалғасу мерзімі аяқталысымен орман қоры телімдерін жалға берушіге төмендегідей талаптарды қанағаттандыратындай жағдайда:

------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

-------------------------------------------------------қайтаруға;

жалдау мерзімі аяқталған кезде орманды пайдалануды жүзеге асыру орындарындағы орман қорының жай-күйі лицензия мен осы шарттың талаптарына сай келмеген жағдайда орман иесіне қолдан жіберіп алған пайданы қоса қамтығандағы зиянның орнын толтыруға;

осы шарттың 3.1 пунктінде аталмаған тұрғызылымдар мен құрылыстарды өз күшімен немесе өз есебі жолымен алып тастауға болмаса келіскен жағдайда орман иесіне беруге міндетті.

Жалға алушының басқа міндеттері ______________________________

----------------------------------------------------------------

---------------------------------------------------------

## 4. ОРМАН ИЕСІ - ЖАЛҒА БЕРУШІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орман иесінің:

орман қоры телімін жалдауға арналған лицензия мен келісім шарттарын қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгізуге;

жалға берілген орман қоры телімдерінде өзінің орман шаруашылығын басқару жөніндегі функцияларына сәйкес орман шаруашылығы шараларын жүргізуге;

жалға алушы тұрғызған жолдарын тегін пайдалануға;

орман заңын, орманды пайдалану және орман шаруашылығын жүргізу нормаларының ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

жалға алушыға оның орман шаруашылығына келтірген шығындар мен зиянның орнын толтыру туралы талаптар қоюға;

ормандарды пайдалану, жаңғырту, қорғау және күту туралы жылға алушыдан лицензия мен шартта ескерілген мәліметтер, анықтамалық және басқа да материалдар, сондай-ақ көзделген мемлекеттік және салалық статистикалық есеп алып отыруға;

Қазақстан Республикасы Заңдарымен осы Ережеде көзделген жағдайда орман қоры телімін жалдау құқығы тоқтата тұруға;

жергілікті атқарушы өкімет органдарының шешіміне сәйкес жалға алушыны ормандағы өрттерді жоюға тартуға;

Осы Ережеге сәйкес орман қоры телімін жалдау шартын бұзуға құқығы бар.

Орман иесінің басқа құқықтары ________________________________

----------------------------------------------------------------

----------------------------------------------------------------

----------------------------------------------------------------

----------------------------------------------------------------

4.2. Орман иесі:

жалға алушыға орман қоры телімін осы келісімнің шарттарына сәйкес келетін жағдайында беруге (пайдалы жерлер көлемі мен олардың қысқаша сапалық сипаттамасы осы шарттың 5-ші қосымшасында келтіріледі);

орман секторларының шектері мен таксациясын жүргізеді және жалға алушыға орман ағаштарын кесу билеттері мен ордерлерін береді, басқа да орман пайдалану жерлерін белгілеп, орман билеттерін береді;

жалға алушыға лицензия мен шартта көзделген орманды қалпына келтіру және басқа да орман шаруашылығы жұмыстарын орындауға жұмсалған шығындар төлеуге;

